

03.06.2021 ж. жарнамалық науқанды өткізу Ережесінің жаңа редакциясы  
9.2.2 т. және 9.2.7 т. өзгертілді.

21.04.2021 ж. Жарнамалық акцияны өткізу ережесінің жаңа редакциясы  
9.1.8 т. сәйкес 9.1.5.2 т. және 9.2.8 т. өзгертілді.

09.04.2021 ж. Жарнамалық акцияны өткізу ережесінің жаңа редакциясы  
7.5, 7.5.1, 7.5.2, 7.6 және 8.1.4.3 тармақтары қосылды.

## **«Visa-мен төлеп, смарт-пәтер ұтып ал!» атты жарнамалық науқанның ережесі**

«Visa-мен төлеп, смарт-пәтер ұтып ал!» жарнамалық науқаны Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сай Осы Ережелердің шарттарына сәйкес жүргізіледі.

### **1. Терминдер мен анықтамалар**

**Науқан** – «Visa-мен төлеп, смарт-пәтер ұтып ал!» жарнамалық науқаны

**Науқан серіктесі** – Visa International Service Association.

**Карта** – Қазақстан Республикасының әлемдік деңгейдегі айналысқа шығарған банкінің банка карточкалары: Visa Classic, Visa Gold, Visa Platinum, Visa Infinite, Visa Signature.

**Операция** – Операция ережесіндегі 5.2. -тармақта көрсетілгенді қоспағанда, Қатысушы Картаны пайдаланып, тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге ақы төлеу бойынша жасайтын әрекеттер.

**Науқанды Ұйымдастырушы** – Науқанға Тапсырыс Берушінің тапсырысы бойынша «Mega Media» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі (мекенжайы: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абдуллиндер көшесі, 31/23)

**Чектерді жүктеу мерзімі** – Ереженің 2.3. тармағында көрсетілген кезең.

**Науқаның өткізілу мерзімі** – Ереженің 2.2. тармағында көрсетілген кезең.

**Ережелер** – «Visa-мен төлеп, смарт-пәтер ұтып ал!» жарнамалық науқанының ережесі.

**Жұлделер (немесе Науқанның Жұлделері)** – апталық сыйлықтар және/немесе Ережеде көрсетілген басты жүлде.

**Сайт** – Интернет желісіндегі [visa.com.kz](http://visa.com.kz) веб-сайты

**Науқанның техникалық серіктесі** – «ИНФОКУС» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестік (мекенжайы: 01001, Украина, Киев қ., Спортивная алаңы, 1-А үй, Башня А, 29 қабат).

**VisaConcierge чат-боты** – Telegram және/немесе Viber мессенджеріндегі @VisaConcierge чат-боты.

**Чек** – төлем картасымен POS-терминал арқылы тауарға/қызметке төлем жасаған кезде берілген POS-терминалдың тауар чегі, сонымен қатар Ереженің 5-тармағында көрсетілген талаптарға, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келетін Картаның көмегімен e-commerce-сервис арқылы сатып алу кезінде электронды форматта берілген чек.

### **2. Науқанның өткізілетін кезеңі мен орны:**

2.1. Науқан Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.

2.2. Науқанның өткізілу мерзімі –2021 жылдың «15» наурызынан бастап, 2021 жылдың «15» маусымын қоса алғанда.

2.3. VisaConcierge Чат-боты арқылы Чектерді жүктеу, яғни, апта сайынғы және бас жүлденің ұтыс ойынына қатысу мүмкіндігі 2021 жылдың «15» наурызы мен 2021 жылдың «06» маусымын қоса алған мерзім аралығы.

### **3. Науқан Қатысушылары:**

3.1. Науқанға Қазақстан Республикасының кәмелетке толған азаматтары және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, карта ұстаушылар болып табылатын, мәтін бойынша бұдан әрі – «қатысушылар», «карта ұстаушылар» деп аталатын Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдар қатыса алады.

3.2. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сай келмейтін тұлғалар, сонымен қатар Ұйымдастырушының, Техникалық әріптестің қызметкерлері мен өкілдері, олардың отбасы мүшелері, сонымен қатар үлестес тұлғалар, ұйымдастырушы мен науқанды дайындауға, ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шарттық қатынастары бар үшінші тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері Науқанға қатысуға жіберілмейді.

### **4. Науқан Ұйымдастырушысы мен Қатысушыларының құқықтары мен міндеттемелері:**

4.1. Қатысушы құқылы:

4.1.1. науқанды өткізу мерзімі мен шарттары туралы ақпаратты жария ресурстар мен Науқан Сайтындағы, Интернеттегі, сонымен қатар әлеуметтік желілер мен сыртқы жарнамадағы коммуникация арналарынан алуға;

4.1.2. Науқан Ұйымдастырушысы туралы мәлімет алуға;

4.1.3. Осы ережеге сай Науқан жеңімпазы деп танылса, науқан жүлделерін беруді талап етуге;

4.2. Қатысушы міндетті:

4.2.1. Осы ережелерді сақтауға, соның ішінде осы Ережеде белгіленген мерзімде науқанға қатысуға байланысты барлық іс-әрекеттерді орындауға;

4.2.2. Науқанға қатысуға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде (бірақ онымен шектелмей) Интернет, телефон және т.б. шығындарды өз бетінше көтеруге;

4.2.3. Осы Ереже мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да міндеттемелерді орындауға;

4.3. Ұйымдастырушы құқылы:

4.3.1. науқан өткізілетін Кезеңде осы Ережелерге өзгеріс енгізуге құқылы. Осы Ережелерге енгізілген кез келген өзгерістер Сайтқа орналастырылады.

4.3.2. Осы Ережелерде көзделген жағдайлардан басқа кезде Науқан Қатысушыларымен жазбаша келіссөздерге немесе өзге де байланысқа түспеуге;

4.3.3. мемлекеттік органдарға ұсыну үшін Қатысушылардан Осы Ережелерде көзделген жағдайларда қажетті ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ басқа да құжаттарды сұратуға;

4.3.4. Науқан жеңімпаздары әртүрлі себеппен жүлделерді алуды талап етпеген немесе бас тартқан жағдайда Науқан Жүлделерінің жалпы санын азайтуға, бұл ретте көрсетілген жүлделер Науқан біткен соң берілмейді немесе Ұйымдастырушы өз қалауынша пайдалануға;

4.3.5. Науқан Қатысушысы Осы Ережелерді сақтамау фактісі анықталған жағдайда Науқан Қатысушысына (жеңімпазға) Жүлде беруден бас тартуға;

4.4. Ұйымдастырушы міндетті:

4.4.1. Осы Ережелерді сақтауға, Осы Ережелерде белгіленген мерзімде Науқанды өткізуге байланысты барлық іс-әрекеттерді орындауға;

4.4.2. Науқанды Осы Ережеге сәйкес өткізуді қамтамасыз етуге;

4.4.3. Жүлделерді Науқан жеңімпаздарына Осы Ереженің 9-тармағында көзделген ереже бойынша беруге;

4.4.4. Науқанға Қатысушыларды Науқанды өткізу ережелерімен Сайтта және коммуникацияның таңдалған арналарына орналастырылған ақпарат арқылы хабардар қылуға;

4.4.5. Жүлделерді тапсыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Науқанды өткізу барысында Науқанға Қатысушылар алатын жүлделерге салынатын салықтардың төленуін қамтамасыз етуге.

### **5. Науқанға қатысу үшін чекке қойылатын талаптар:**

- 5.1. Жүктелетін чек суреттеріне қойылатын негізгі талаптар:
  - 5.1.1. JPG, PNG форматта;
  - 5.1.2. 200 (екі жүз) dpi кем емес;
  - 5.1.3. физикалық өлшемі 30 (отыз) мегабайттан кем емес ;
  - 5.1.4. көшірмелері техникалық жағынан сапалы әрі оқылатындай болуы тиіс;
  - 5.1.5. Чектің фотосуреті (бедерлер, суреттер, компьютерлік графика, фотомонтаж) немесе сканерленген көшірмесі болмаса, басқа суреттер рұқсат етілмейді;
- 5.2. Ұйымдастырушы Науқанға қатысу үшін чектерді есепке алмайды:
  - 5.2.1. Осы Ереженің 3-тармағының талаптарына сай келмейтін тұлғалар жасаған операциялар бойынша;
  - 5.2.2. чектерді жүктеу кезеңінен тыс жасалған операция бойынша;
  - 5.2.3. чектерді жүктеу кезеңінен тыс тіркелеген чектер;
  - 5.2.4. QR-кодты пайдалану арқылы жүргізілген тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге төлем жөніндегі операциялар бойынша;
  - 5.2.5. Visa жүйесі арқылы жүргізілген операциялар туралы ақпарат көрсетілмеген;
  - 5.2.6. банкоматтарда және қолма-қол ақшалай қаражат беру пункттерінде қолма-қол ақшалай қаражат алу жөніндегі операциялар бойынша;
  - 5.2.7. Картаны пайдалану арқылы, соның ішінде карта ұстаушылардың банктік шоттарынан жеке және (немесе) заңды тұлғалардың карталарына/банктік шоттарына қаражат аудару операциялары бойынша;
  - 5.2.8. тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге ақы төлеу үшін, оның ішінде коммуналды төлемдерді, салық төлемдері мен банктерде, банкоматтарда және (немесе) өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларында жүргізілген өзге де төлемдерді қоса алғанда жүргізілген аударым жасау операциялары бойынша;
  - 5.2.9. жол чектерін және (немесе) лотерея билеттеріне төлем жасау операциялары бойынша;
  - 5.2.10. казино мен басқа да ойын мекемелерінде, соның ішінде Интернет арқылы ұтыс пен бәс тігуге төлем жасаған операциялар бойынша;
  - 5.2.11. карта ұстаушының аты көрсетілмей шығарылған картаны пайдаланып жасалған операцияларды қоспағанда, карта ұстаушы болып табылмайтын өзге тұлғалардың тапсырмасы бойынша картаны пайдаланып жасалған операциялар бойынша;
  - 5.2.12. Науқанның бір Қатысушысынан да, әртүрлі қатысушыларынан да қайта тіркелген операциялардың іске асырылғанын растайтын өзге де құжаттар;
  - 5.2.13. Электрондық ақшалай қаражат қалдығын ұлғайту мақсатында Картадан электрондық ақшалай қаражат операторының шотына ақшалай қаражат аудару операциялары бойынша (электрондық әмияндардың шоттарын толықтыру операциялары бойынша);
  - 5.2.14. кредит картасы/кредит, депозиттер бойынша берешекті өтеу есебіне Науқанға Қатысушының Картасынан ақшалай қаражатты қолма-қол ақшасыз аудару бойынша;
  - 5.2.15. чектердің, операциялардың жасалғанын растайтын басқа да құжаттардың түпнұсқалығы Науқан Ұйымдастырушысының күмәнін тудыратын операциялар бойынша (жалған чектер, чектердің көшімелері және т.б.);
  - 5.2.16. айыппұлдар мен салық міндеттемелерін төлеу операциялары бойынша;
  - 5.2.17. валюта мен акцияларды төлеу операциялары бойынша;
  - 5.2.18. жарнамалық және маркетингтік қызметтерді, бағдармалауды, бизнес-сервистерді, IT-сервистерді төлеу операциялары бойынша.

## **б. Науқанға қатысу қадамдары:**

- 6.1. Науқанға қатысу үшін Қатысушы белгіленген Кезең ішінде Чектерді жүктеуі қажет:
  - 6.1.1. Заңмен тыйым салынбаған сауда-сервистік кәсіпорындарда картаны пайдаланып, кем дегенде 1 (бір) операция жүзеге асырылсын және картамен төлеу әдісін көрсете отырып, Науқан Ережелерінің 5-тармағына сай келетін әрбір операцияның жасалғанын растайтын Чек сақталсын.

6.1.2. Науқанға қатысу үшін VisaConcierge Чат-боты арқылы тіркеліп, Науқанға қатысатын чектерді жүктеу керек. Карта Ұстаушысы Чектерін VisaConcierge Чат-боты арқылы тіркей алады. Ол үшін:

(1) VisaConcierge Чат-ботқа тіркелген кезде телефон нөмірін, лақап атын (бүркеніш атын) көрсетіп, елді таңдап, құпиялылық саясатымен келісуі керек. Егер тұлға VisaConcierge Чат-ботта тіркелген болса, ары қарай әрекет ету үшін VisaConcierge Чат-ботына кіруі тиіс;

(2) Visa төлем жүйесі көрсетілген және Осы Ережелердің 5-тармағында көрсетілген чекке қойылатын талаптарға сай келетін Чекті(тердің) суреттерін жіберу;

(3) VisaConcierge Чат-ботынан Чектің Науқанға қатысатынын растайтын хабарлама алу.

6.2. Қатысушы кез келген уақытта Науқанның жедел желі нөміріне қоңырау шалу арқылы дербес деректерін жоюға өтінім бере алады: +7 717 269 62 52 немесе [info@infocus.company](mailto:info@infocus.company) электронды поштасы арқылы. Техникалық серіктес сондай өтінім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде Қатысушы ұсынған дербес деректерді жояды. Мұндай өтінім берген Қатысушы Науқанға одан әрі қатысудан бас тартты деп танылып, жүлделерді алу мүмкіндігінен айырылады.

6.3. Чекті тіркеу үшін Чектің суретін жүктеп, VisaConcierge Чат-боттан растайтын хабарламаның келуін күту керек. Жүктелген чектердің барлық түпнұсқалары Науқан біткенше, жеңімпаздар анықталғанша және егер қатысушы жеңімпаз деп танылған жағдайда – жүлде тапсырылғанша сақталуы керек. Себебі, Ұйымдастырушы ұтыс болған жағдайда, чектерді талап ете алады.

6.4. Осы Ережелердің 6.1.-тармағында көрсетілген барлық іс-әрекет дұрыс орындалып, Карта Ұстаушы VisaConcierge Чат-ботынан растайтын хабарламаны алғаннан кейін Карта Ұстаушы Науқан Қатысушысы болады.

6.5. Науқанның бір Қатысушысы VisaConcierge Чат-боты арқылы қанша чек тіркеймін десе де, шектеу жоқ.

6.5.1. Чектерді тіркеу кезінде қойылатын шектеулер:

6.5.2. Чектерді тіркеу кезеңінде бір Қатысушы қанша чек тіркеймін десе де, шектеу жоқ. Бір Қатысушы жалған чекті тіркегеннен кейін (түпнұсқа екендігі ұйымдастырушының күмәнін тудыратын) Науқанды Ұйымдастырушы Қатысушылардан чектердің түпнұсқаларын, сонымен қатар Қатысушының төлқұжат деректерін (соның ішінде жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін) сұратуға және Қатысушы Ұйымдастырушы сұраған чектердің түпнұсқаларын, сондай-ақ төлқұжат деректерін ұсынған сәтке дейін Қатысушы Науқанға одан әрі қатысудан шеттетілу керек.

6.5.3. Егер де Қатысушы Науқан өткізілген кезеңде бірінің артынан бірін 2 (екі) рет жалған Чек тіркесе, Ұйымдастырушы Қатысушыны науқанға қатысудан оқшаулауға (шеттетуге) құқылы.

6.5.4. Чектерді тіркеу кезінде оларды автоматты түрде генерациялайтын немесе оларды VisaConcierge Чат-ботта тіркейтін бағдарламалық жасақтаманы, механикалық, электронды аспаптарды және/немесе құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады. Сонымен қатар Науқанға қатысудың басқа да санкцияланбаған әдістерін, Ереженің 6.1.-тармақта көрсетілген әрекеттерді орындау арқылы жеке қатысудан өзге, науқанға қатысудың басқа да рұқсат етілмеген әдістерін пайдалануға тыйым салынады.

6.5.5. Науқан Ұйымдастырушысы Науқанға Қатысушының тыйым салынған құралдарды пайдаланғанын және/немесе Науқанға Қатысушының Осы Ережелерде көзделген шарттарға сай келмейтін әрекеттерді жүзеге асырғанын анықтаған жағдайда, Ұйымдастырушы көрсетілген бұзушылық анықталған сәттен бастап кез келген уақытта ондай тұлға тіркеген барлық Чектің күшін жоюға (әрбір Чектің шығу тарихын талдамастан), сонымен қатар ондай адамды Науқанға бұдан әрі қатысудан шеттету арқылы қатысушылар немесе жеңімпаздар құрамынан шығаруға құқылы.

6.5.6. Жүлде жеңімпаздарын анықтау кезінде Ұйымдастырушы Науқанға қатысудан шеттету туралы шешім қабылданған қатысушылардың Чектерін есепке алмайды.

6.5.7. Науқан Ұйымдастырушысы біржақты тәртіппен және себептерін түсіндірместен, төменде келтірілген әрекеттердің кез келгенін жүзеге асырған тұлғаларды Қатысушылар немесе жеңімпаздар қатарынан кез келген уақытта шығарып тастауға құқылы:

- Тіркелген Чектердің түпнұсқасын ұсынбағандарды;
- Жүлдені тапсыру үшін Осы Ережеде белгіленген құжаттар, ақпарат пен мәліметтерді ұсынбағандарды;
- Науқанға қатысу үшін жалған чектерді бірнеше рет тіркеген күдіктілерді;
- Жүлдені негізсіз алуды мақсат тұтып, алаяқтық іс-әрекеттер жасағаны туралы күдікке ілінген тұлғаларды.

## 7. Модерация және Чектерді қосымша тексеру:

7.1. Қатысушы Осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген кез келген деңгейдегі Жүлдеге ие болған жағдайда Ұйымдастырушы жеңімпаздың тіркеген Чегін тексереді.

7.2. Науқан Ұйымдастырушысы Науқанға Қатысушылар жүктеген чектердің Осы Ережелерге сәйкестігін тексереді.

7.3. Чекті модерациялау деген операцияны жүргізу мерзімі бойынша сәйкестікті, сонымен қатар Visa арқылы төлем жасалғанын міндетті түрде көрсетуді қамтиды.

7.4. Қажет болған жағдайда Ұйымдастырушы жеңімпаздан чектің жеке немесе электрондық түпнұсқасын сұратуға құқылы.

7.5. Ережелердің 9-тармағында көрсетілген бірінші және екінші деңгейдегі жүлделердің, сондай-ақ Бас жүлденің жеңімпаздарын модерациялау үшін Ұйымдастырушы өзіне қажетті құжаттарды, атап айтқанда жеке куәліктің сканерленген көшірмесін, тұрғылықты мекенжайын және физикалық немесе электрондық Чектің түпнұсқасын мынадай тәртіппен сұратады:

7.5.1. Ұйымдастырушы +7 727 313 13 83 нөмірінен алғашқы қоңырау шалуды жүзеге асырады, қоңырау шалу барысында модерация және қосымша тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды жіберуді сұрайды.

7.5.2. Ұйымдастырушы қажетті құжаттардың фотосуреттерін немесе сканерленген көшірмелерін [y.zhulinskaya@megamedia.kz](mailto:y.zhulinskaya@megamedia.kz) электрондық мекенжайына жіберуді сұрайды:

7.6. Модерация процесі аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушы Жеңімпаздардың тізімін сайтқа жүктейді.

## 8. Жүлделерді беру тәртібі:

8.1. Жеңімпаздарды анықтау және Науқан жүлделерін беру тәртібі:

8.1.1. Науқан Қатысушысы атанып, Осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген Жүлделердің бірін алу мүмкіндігіне ие болу үшін Қатысушы Чектерді жүктеу Кезеңінде VisaConcierge Чат-ботында, Сайтта, сонымен қатар барлық коммуникация арналарында орналастырылған нұсқаулық бойынша Чектерін жүктеу қажет.

8.1.2. Сәтті жүктелген Чектердің барлығы дерлік апта сайынғы Жүлделердің және бас Жүлденің ұтыс ойынына қатыса алады.

8.1.3. Жеңімпазды анықтау Чектерге берілген реттік нөмірлерді кездейсоқ анықтау арқылы Random.org сервисінің көмегімен жүзеге асырылады. Жеңімпаздарды анықтау кезінде Науқан Ұйымдастырушысы бас жүлде, сонымен қатар бірінші және екінші деңгейдегі жүлделер үшін негізгі және қосымша жеңімпаздарды таңдайды.

8.1.4. Random.org бағдарламасының көмегімен кездейсоқ анықталғаннан кейін және жеңімпаздың Осы Ереже (модерация) талаптары мен шарттарына сай екендігі тексерілгеннен кейін:

8.1.4.1. Үшінші деңгейдегі Жүлде жеңімпаздары Жүлдені активтендіру үшін мәтіні мен промо-коды бар смс-хабарлама алады;

8.1.4.2. Екінші және бірінші деңгейдегі Жүлде Жеңімпаздарына жүлдені табыстау үшін Ұйымдастырушы байланысқа шығады.

8.1.4.3. Екінші және бірінші деңгейдегі Жүлделерді беру үшін Ұйымдастырушы 7.5-тармақта көрсетілген өзіне қажетті деректерді сұратады.

8.1.5. Науқанның 1 (бір) Қатысушысы аптасына 1 (бір) рет қана 1 (бір) ғана сыйлық ұта алады. Бұл ретте ол тұлға жүктеген Ережеге сай келетін басқа Чектер келесі апта сайынғы ұтыс ойындарына қатыса алады.

8.2. Тіркелуге VisaConcierge Чат-боты арқылы Науқанды өткізу кезеңіне және чектерді жүктеу кезеңіне сәйкес келетін чектер (қағаз тасымалдағышта, сондай-ақ карта бойынша операциялардың жүргізілгенін растайтын электрондық чектер) қабылданады. Онда картаның көмегімен төлем жүргізу туралы ақпарат көрсетіледі.

## 9. Науқанның жүлде қоры:

### 9.1. Апта сайынғы жүлделер:

9.1.1. Апта сайынғы Жүлделер ұтыс ойынына Науқан Қатысушыларының Осы Ереже талаптарына сай келетін барлық чектері қатысады. Егер жүлде деңгейімен бірнеше жүлде көзделген болса, онда жеңімпаз Осы Ережеге сай Ұйымдастырушының таңдауы бойынша тек 1 (біреу) жүлдені ғана ала алады.

9.1.2. Өткен аптаның ұтыс ойыны Науқанды өткізу Кезеңіне сай жаңа аптаның әр дүйсенбі күні Random.org сервисі арқылы өткізіледі.

9.1.3. Жеңімпаздарды анықтау Осы Ережеде көрсетілген әдіспен чектерге берілген реттік нөмірлерді кездейсоқ анықтау жолы арқылы жүзеге асырылады.

9.1.4. Жеңімпаздарды анықтау кезінде Науқан Ұйымдастырушысы бірінші және екінші деңгейдегі әрбір апталық жүлдеге негізгі және қосымша жеңімпаздарды таңдайды.

9.1.5. Апталық жүлделерге мыналар кіреді:

#### 9.1.5.1. Үшінші деңгейдегі жүлде:

- IVI- ге 3 айға жазылу промо-коды – 1 680 дана (аптасына 140 дана)
- YandexPlus-ке 3 айға жазылу промо-коды– 528 дана (аптасына 44 дана)

#### 9.1.5.2. Екінші деңгейдегі жүлде:

- Xiaomi Mi Band 5 фитнес білезігі -50 дана (аптасына 10 дана 22.03.2021 бастап 19.04.2021 дейін)
- JBL Clip 3 колонкасы – 60 дана (аптасына 5 дана)
- Garmin Venu Sq сағаттары-7 дана (аптасына 1 дана 26.04.2021 бастап 07.06.2021 дейін)

#### 9.1.5.3. Бірінші деңгейді жүлде:

- Sony PlayStation 4 – 12 дана (аптасына 1 дана)

9.1.6. Апта сайынғы жүлделердің ұтыс ойындары мен жеңімпаздарды жариялау күндері:

Ұтыс ойын күні	Ұйымдастырушы тексергеннен кейін жеңімпазды жариялаған күн
22.03.2021	29.03.2021
29.03.2021	05.04.2021
05.04.2021	12.04.2021
12.04.2021	19.04.2021
19.04.2021	26.04.2021
26.04.2021	05.05.2021
05.05.2021	11.05.2021
11.05.2021	17.05.2021
17.05.2021	24.05.2021
24.05.2021	31.05.2021
31.05.2021	07.06.2021
07.06.2021	14.06.2021

- 9.1.7. Апталық сыйлықтардың түрі Сайттағы суреттен ерекшеленуі мүмкін.
- 9.1.8. Ұйымдастырушы Сайттағы Жұлделер санын өз қалауынша өзгертуге, сонымен қатар Осы Ереже шарттарына өзгеріс енгізу арқылы Жұлде атауларын да өзгертуге құқылы.
- 9.1.9. Жұлделер ақшалай баламада берілмейді/ауыстырылмайды.
- 9.2. Бас жүлде:**
- 9.2.1. Бас жүлденің ұтыс ойынына Науқан өткізілетін Кезеңде тіркелген және Науқанның Осы Ереже шарттарына сай келетін барлық чек қатыса алады.
- 9.2.2. Ұтыс ойыны нотариус пен Науқан Ұйымдастырушысы өкілдерінің қатысуымен Random.org сервисі арқылы өткізіледі.
- 9.2.3. Жеңімпазды анықтау Чектерге берілген реттік нөмірлерді кездейсоқ анықтау арқылы жүзеге асырылады.
- 9.2.4. Бас жүлде жеңімпаздарын анықтау кезінде Науқан Ұйымдастырушысы негізгі және қосымша жеңімпаздарды таңдайды.
- 9.2.5. Егер негізгі жеңімпаз телефон қоңырауына 1 (бір) реттен жауап бермесе, онда қоңырау 60 (алпыс) минут ішінде тағы 2 (екі) рет жүзеге асырылады.
- 9.2.6. Егер негізгі жеңімпаз қоңырауға 2 (екінші) және 3 (үшінші) рет те жауап бермесе, ол Жұлдені алу құқынан айырылып, қосымша жеңімпаз автоматты түрде Жұлде иегері атанады.
- 9.2.7. Егер қосымша жеңімпаз Ережедегі 9.2.5-9.2.6-тармақтарда көзделгендей 1 (бір) сағатта телефонның 3 (үш) рет қоңырауына жауап бермесе, онда науқанды ұйымдастырушы Random.org сервисінің көмегімен және нотариустың қатысуымен басқа негізгі резервтік жеңімпаздарды таңдайды.
- 9.2.8. Бас жүлдеге кіреді:
- Алматы немесе Нұр-Сұлтан қалаларындағы жаңа ТК-нен әрленген смарт-пәтер.– 1 шт.
  - SmartHouse жүйесін орнатуға арналған сертификат– 1 дана.
  - Робот-шаңсорғыш – 1 дана.
  - Side by side Samsung тоңазытқышы– 1 дана.
  - Yandex-тың ақылды колонкасы – 1 дана.
  - Thermomix TM5 ас үй комбайны – 1 дана.
  - Garmin Venu спорттық сағаты-1 дана.
  - Garmin Index™ S2 смарт-таразы-1 дана.
- 9.2.9. Бас жүлденің ұтыс ойын күні: 15.06.2021
- 9.2.10. Бас жүлде Сайттағы түрінен өзгеше болуы мүмкін.
- 9.2.11. Ұйымдастырушы өз қалауынша Жұлделер санын өзгертуге, сонымен қатар Осы Ереже шарттарына өзгеріс енгізу арқылы Жұлделердің атауын өзгертуге құқылы.
- 9.2.12. Жұлделер ақшалай баламада берілмейді/ауыстырылмайды.

## 10. Науқан жүлделерін алу шарттары

- 10.1. Ереженің 9-тармағында көрсетілген жүлделерді алу шарттары, тәртібі мен мерзімдері:
- 10.1.1. Бас жүлденің жеңімпаздарымен бас жүлденің барлық құрамдастарын өтеусіз беру туралы шарт жасалады. Мұндай шартқа қол қойылғаннан кейін пәтердің кілті мен жүлденің барлық құрамдас бөліктері жеңімпазға 10 (он) күннен 40 (қырық) жұмыс күніне дейінгі ерзім арасында беріледі.
- 10.1.2. Жеңімпаз келісімшартқа қол қою және бас жүлдені беру орнына өз бетінше және өз есебінен жетуі керек.
- 10.1.3. Бірінші және екінші деңгейдегі жүлделерді жіберу курьерлік қызмет арқылы жүзеге асырылады. Жеткізу мерзімі жүлдені курьерлік қызметке тапсырған сәттен бастап 1 (бір) күннен 40 (қырық) жұмыс күніне дейінгі мерзімді құрайды. Жұлденің жеткізілу уақыты қатысушының орналасқан жеріне байланысты.
- 10.1.4. Үшінші деңгейдегі жүлделер жеңімпазға VisaConcierge Чат-боты арқылы промо-кодпен хабарлама жіберілген сәттен бастап тапсырылды деп есептеледі. Жеңімпаз курьерлік

қызметтің жүкқұжатына және/немесе жүлдені алған сәтте оны қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюға, сондай-ақ өзінің жеке куәлігін көрсетуге міндеттенеді. Жеңімпаз осындай әрекеттерді жасаудан бас тартқан жағдайда Ұйымдастырушының өкілі бірінші және екінші деңгейдегі жүлдені беруден бас тартуға құқылы. Ұйымдастырушының талабы бойынша жеңімпаз ұйымдастырушы көрсеткен тәсілмен жүлдені қабылдау-тапсыру актісінің скан-көшірмесін не фотосуретін жіберуге міндеттенеді.

10.1.5. Бірінші және екінші деңгейдегі апталық жүлделер жеңімпаздарға курьерлік қызметтің көмегімен жеткізіледі. Жеңімпаз курьерлік қызметтің жүкқұжатына және/немесе жүлдені қабылдап алған сәтте қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюға, сонымен қатар өзінің жеке куәлігін көрсетуге міндеттеледі. Мұндай әрекеттерді істеуден бас тартқан жеңімпазға Ұйымдастырушы өкілі бірінші және екінші деңгейдегі Жүлдені беруден бас тартуға құқылы. Ұйымдастырушының талабы бойынша Ұйымдастырушы көрсеткен тәсілмен Жеңімпаз Жүлдені қабылдау-тапсыру актісінің сканерленген көшірмесі мен суретін жіберуге міндеттеледі.

10.1.6. Егер Қатысушы көрсеткен мекенжай бойынша жеткізу кезінде Ұйымдастырушыға қатысы жоқ себептермен Жүлде табыс етілмеген болса (мысалы, Қатысушы жүлде жеткізілген сәтте өзі көрсеткен мекенжайда болмаса, Қатысушымен өзі жіберген телефон нөмірімен байланысу мүмкін болмаса және т.б.), онда тағы 1 (бір) рет жеткізілу қарастырылған.

10.1.7. Егер Қатысушы 2 (екінші) рет жеткізу кезінде Ұйымдастырушыға қатысы жоқ себептермен жүлдені алмаса, онда ол жүлдені алу құқығынан айырылады да, жүлде талап етілмеген болып есептеледі, осылайша Ұйымдастырушы жүлдені өз қалауынша пайдалана алады.

10.1.8. Науқан Ұйымдастырушысы Қатысушыға Жүлдені беру тәсілін өзгертуге құқылы.

10.1.9. Жүлде қоры Қатысушының жеке пайдалануына жұмсалуды мүмкін. Жүлде коммерциялық пайда алу мақсатында сатылмайды немесе басқа мақсатта пайдаланылмайды.

10.1.10. Ереженің 9-тармағында қарастырылған бірінші және екінші деңгейдегі жүлделерді, сонымен қатар бас жүлдені алу үшін жеңімпаз Науқандағы Жеңісі туралы хабарламаны алған сәттен бастап 2 (екі) күн ішінде Ұйымдастырушыға электронды пошта арқылы төмендегі құжаттарды ұсынуы керек:

- Міндетті түрде ЖСН көрсетілген (аты-жөні VisaConcierge Чат-боттағы жеке кабинетте көрсетілген деректерге сәйкес келуі керек) жеке куәліктің немесе Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаттың (екі жағынан да) сканерленген көшірмесін;
- Жеңімпаздың нақты тұрғылықты мекенжайы;
- Ұтыс чектің түпнұсқасы;
- Электрондық чек түбіртегі.

10.1.11. Бірінші және екінші деңгейдегі жүлделердің сақталу және олардың кездейсоқ бүліну жауапкершілігі жүлдені жеңімпазға берген сәттен бастап, жеңімпазға жүктеледі. Мұндай Жүлделердің тұтастығы мен функционалды жарамдылығын жеңімпаздар жүлдені алған кезде бірден тексеруі керек.

## **11. Ұйымдастырушы, Науқан серіктесі және Техникалық серіктес жауапты емес:**

11.1. Қатысушылардың өз кінәсінен, байланыс ұйымдарының, курьерлік және пошта қызметтерінің кінәсінен немесе Ұйымдастырушыға қатысы жоқ себептер бойынша Науқан Жүлделерін алу үшін қажетті пошта жөнелтілімдерін, мәліметтер/құжаттарды алмау/уақытылы алмауға;

11.2. Науқан Қатысушылар Осы Ережелерде көзделген міндеттерді орындамау (уақытылы орындамау) немесе Науқанға Қатысушылардың Науқан туралы ақпаратпен сайтта таныса алмауына;

11.3. Науқанға Қатысушылар тіркеу және чектер туралы деректерде көрсеткен мәліметтердің, байланыс және өзге де ақпараттың дұрыстығы, дәлдігі мен анықтығына; ал осыған байланысты және Науқанға Қатысушылармен олар көрсеткен байланыс телефондары арқылы



байланыса алмағаны үшін, сонымен қатар Қатысушылардан алынған ақпаратты Науқан мақсаттары үшін, оның ішінде Ұйымдастырушыға қатысы жоқ өзге де себептерді қоса алғанда, жүлделер беру мақсаттары үшін пайдалана алмағаны үшін;

11.4. Қатысушылар талап етпеген жаңдайда Науқан Қатысушылары Жүлделерін талап етпеген немесе олардан бас тартқан, сонымен қатар Ұйымдастырушыға қатысы жоқ өзге де себептер бойынша жүлдені алмауына;

11.5. Олардың Науқанды өткізуге байланыс іс-әрекеттерді орындамауына; егер мұндай орындамау Қатысушының дербес деректерін өңдеуге берген келісімін қайтарып алу нәтижесінде олардың дербес деректерін жою салдарынан болса;

11.6. Қатысушылардың Науқанға қатысуына байланысты олардың өмірі, денсаулығы, моральдық және/немесе психикалық жарақаттарына;

11.7. Жеңімпаздың жүлделі болсам деген үмітіне.

## **12. Науқанның өзге шарттары:**

12.1. Науқан туралы толық ақпаратпен Қатысушылар Науқанды өткізу кезеңінде Сайтта таныса алады.

12.2. Ұйымдастырушы Науқанды өткізу Кезеңінде Осы Ережелерге өзгеріс енгізуге құқылы. Бұл ретте Осы Ережелердің кез келген өзгерістері туралы ақпарат Сайтқа орналастырылады.

12.3. Ереженің 6.1 – тармағында көрсетілген әрекеттерді жасау арқылы Науқан қатысушылары осы ережелерді толық қабылдайды және келіседі. Бұл Осы Ереже шарттарын акцептеу және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын түсініп, Осы Ережелердің шарттары аясында мәміле жасасу деген сөз.

12.3.1. Ереженің әсіресе 6.1-тармағында көрсетілген шарттарды орындау арқылы Қатысушы VisaConcierge Чат-ботындағы Осы Ережелермен және деректерді өңдеу тәртібімен толық танысқанын және келісетінін растайды. Бірақ төмендегілермен шектелмей, өзінің келісімін растайды:

12.3.2. VisaConcierge Чат-ботында, Сайтта көрсетілген деректерді өңдеу тәртібіне сай жеке деректерді өңдеу;

12.3.3. Ұйымдастырушыдан немесе уәкілетті үшінші тұлғалардың осы Науқанды өткізуге байланысты ақпараттық СМС-жіберілімдерді алуға;

12.3.4. бас жүлде мен бірінші және екінші деңгейдегі жүлде жеңімпаздарының түсірілімдерінен сурет және бейнематериалдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен, соның ішінде қосымша сыйақы төлемей, коммерциялық мақсатта өңдеуге, одан әрі пайдалануға және таратуға.